

12004

11160к


ІЛІЯС  
ЖАНСҮГІРОВ



373



# ІЛІЯС



КӨП ТОМДЫҚ  
ШЫҒАРМАЛАР  
ЖИНАҒЫ

# ЖАНСҮГІРОВ



7

Өлеңдер  
Хаттар  
Роман



Алматы  
ҚАЗЫФУРТ  
© 2006

ББК 84 Қаз 7

Ж 27

*Қазақстан Республикасы  
Мәдениет жөнне ақпарат министрлігінің  
баддарламасы бойынша шыгарылды*

Редакция алқасы:  
**Е.Д.Далбагаев, М.М.Иманғазинов,**  
**Т.Кәкішев, Т.М.Көпбаев**

Томды баспаға өзірлегендер:  
**Е.Д.Далбагаев, Ж.Т.Жұмашева,**  
**М.М.Иманғазинов** (жауапты шығарушы), **А.Б.Құлжабаева**

Жансүгіров I.  
Ж 27    Көп томдық шығармалар жинағы. — Алматы:  
«Қазығұрт» баспасы. — 2006. Жетінші том: Өлеңдер.  
Хаттар. Роман. — 328 бет.  
ISBN 9965-22-190-1

Ілияс Жансүгіровтың махаббат тақырыбын толғаған туындыларының катарына тек өзінің сүйіктісше ғана арналған құпия өлең-хаттарын да **косуға** болады. I Жансүгіров коғамдық Коры ұсынған мол мұрағаттық материалдар осыған дәлел. Сонымен катар 1967 жылы «Жазушы» баспасынан «Крылья ненависти» деген атпен орыс тілінде (казакшадан аударған Б.Жансүгіров-Ғабитов) жарық көрген «Жолдастар» трилогиясының бірінші кітабы да казак **халқының** өткен ғасырдың басындағы тұрмыстыршылігін **көркем** сөзбен кестелеген кесек дүние

Кітап көпшілік оқырманға арналған.

ББК 84 Қаз 7

\* 4702250200  
482 (05)-06

ISBN 9965-22-190-1 (Т.7)

ISBN 9965-22-022-0

© «Қазығұрт» баспасы, 2006

*Орнаттым алтын сведен сұлу сарай...*  
Ілияс Жансүгіров

## ҰЛЫ ДАЛА ПЕРЗЕНТИНІҢ ҰЛЫ МАХАББАТЫ

Қазақ поэзиясының дүлдүл жүйрігі аламан ақын Ілияс Жансүгіровтің ұлан-ғайыр мұрасының ішінен махаббат жырлары сансыз жұлдыздар аясындағы күн мен айдай жарқырап, жылу мен жарық бөліп, адам жанын нұрландырып, ерекше бір ізгілікке деген ұмтылыс, жақсылыққа деген сенім орнықтырып тұрады. Ілияс жырлары — ұлы дала перзентінің ұлы махаббаты.

Дала перзенті үшін махаббат — өмірдің мәні, жарық дүниесіндегі құдірет. Тәні де, жаны да махаббат пен мейірімнен жараган қазақ, сол құдіреттің өзі болып ғұмыр кешкен. Махаббат оның мінез-құлқында. Инабаттылық, ізеттілік, ибалылық, кісіге құрмет, бауырмашылдық, тілектестік, қонақжайлыш, тіршілік атаулыға (адам, есімдік, жан-жануар, аспан әлемі, туған топырақ) жүрек толы мейірім болып көрініс береді. Ол қазактың төл касиетше, менталитеттік сапасына айналған. Халқымыздың тілінің, ділінің, рухани жан дүниесінің, салт-ғұрпының таза, сұлу, берік болатыны да содан. Ілияс поэзиясының мазмұн-мәні, рухы, тәлімі — осы.

Онда халқымыздың отбасы жар-анаға, кіндік кесіп кір-жуған жеріне, тал бойында қайнап ақкан ән-күй өнеріне, өмірінен артық тұтқан тұлпарына махаббаты бар.

Дағыстан елінде Махмұд деген ақын болған. Ол өмір бойында бір ғана тақырыпты — өзінің сүйген жары Мәриямды ғана жырлап өткен екен. Ілиястың да барша ғашықтық өлеңдері бір ғана сүйгені Фатима арутa өзінің риясыз таза інкәрлігін жеткізуге арналған. Бұл жырлардағы ақынның жеке басының махаббат мәдениетінің жоғарылығы, 'даралығы, адалдығы, актығы мен пәктігі казак халқының асыл да биік рухани сапасын көрсетеді.

Махаббатдейтін, бейнелеп айтқанда, ер мен әйел баласы арасындағы үшінші бір өз алдына есетін дербес мәуе. Екі жактан ынта мен күтім бірдей әрі жеткілікті болуы шарт: сонда ғана махаббат көгеріп-гүлдеп, жемісті де берік өмір сүрмек.

Ілияс та, Фатима да осында маҳаббат иелері: екеуі де — ортасына көгеріп өнген өскінді аялап қасиеттей білген, орнықтырып дамыта алған ғашықтар. Ілиястың жырлары - сол үшінші дүниенін жәдігері. Олар — ұлы маҳаббаттан туған ұлы шығармалар. «Біздің әдебиетіміз ұлы маҳаббаттарғатолы», — деген белгілі сыншы ғалым Бакыт Кәрібаевың тұжырымы Ілияс поэзиясынан **айқын** көрінеді.

І.Жансүгіров 1894 жылы 1 мамырда Алматы облысы Ақсу өнірінде дүниеге келген.

Алғашқы білімді әкесі Жансүгірден алады. Содан соң біраз уақыт **Жетісудағы атақты** білім ордасы «Мамания» мектебінде оқиды. 1920 жылы Ташкенде мұғалімдер дайындастын курсы бітіріп, елде мұғалім болады. 1922—1924 жылдарда ауыл мұғалімдерін жеделдетіп дайындастын қазак институтында — (Алматыда) мұғалім, директор. 1925—1928 жылдарда Мәскеудегі Журналистер институтын бітіреді. 1928—1937 жылдарда әр түрлі әдеби қызметтер аткарды. Ол Қазақстан Жазушылар одағының бірінші басшысы болды. М.Әуезов құрастырган Абайдың алғашқы академиялық жинағына алғы сөз жазу құрметі Ілияс еншісіне тиген. «Қазақстан» баспасының алғашқы директори да Ілияс еді. 1937 жылы «халық жауы» деген жаламен ұсталып, 1938 жылы атылды.

Ілияс өзінің өте қысқа шығармашылық өмірінде әдебиеттің барлық жанрларында өшпес мұра қалдырды. Оның қаламынан өлең, поэма, фельетон, әнгіме, очерк, роман, пьеса, сын мақалалар, музика жайлар пікірлер, аудармалар, тарихи жазбалар, ауыз әдебиеті жинактары көптеп туды. Ол — мектептерге арналған алғашқы казак әдебиеті окулығының да авторы (1933 ж.).

Ілиястың жазғандарының әлі баспадан жарық көрмегендері **көп**.

Ілияс зор адамгершілікті, сабырлы, орнықты, кесек тұлға болған. Домбыраны шебер шертіп, тартымды баритон үнімен әдемі ән салған. Өмірінде ішкілік пен темекіге үйір болмаған. Оның достыкка адал, сертке берік, ойға алған максатын табанды орындашып шығатын енбеккор кайтпас азаматтық бейнесі ел есінде сакталған.

Фатима Ғабитова — Қапал каласында туып ескен татар кызы. І.Жансүгіровпен 1919-1938 жылдарда рухтасып, соның соңғы бес жылында ғана косылып, ерлі-зайыпты бакытты тұрмыс кешкен. Ол — казак әдебиеті мен мәдениетінің үлкен жанашыры, зерттеушісі және жинакшысы болған. Мысалы, 1965 жылы жарық көрген «Үш ғасыр жырлайды» атты қазак әдебиетінін үш ғасырлық бір кезеңінің көрнекті өкілдерінің шығармаларының жинағында Шал ақын өлеңдері (барлығы 13 өлең) Фатима Ғабитова жинап, өндеп, дайындаған үлгісінде берілген. Бұл өлеңдер кейін 1989 жылы «Бес ғасыр жырлайды» жинағына да Ф.Ғабитова дайындаған үлгіде енгізілген. Фатиманың мұндай қайраткерлігі оның күнделік дәптерлерінен, архивтік кордағы материалдардан, басылым көрген кітаптардан көрінеді (Ф.Ғабитова. «Алыштар тағдыры», Алматы, 1995 ж.,

142-бет; «Жан қайығын жарға үрдым», І.Жансұтіров жайында естелік. Алматы, 1995 ж., 91-бет; Ф.Ғабитова «Өртенде өнген гүл». Әлендер, проза, естеліктер, күнделіктер, хаттар, пікірлер, ойлар, Алматы, 1998 ж., 269-б.).

Ілиястын классик ақын, ерен жазушы, драматург, журналист, әдебиет зерттеушісі, фольклорист, педагог, тарихшы, композитор ретінде танылып, тарихымыздың биік тұғырына орнығуында Ф.Ғабитованың қызметі ерекше: ақын 1937—1938 жылдары репрессияға ұшырағанда, оның баспа бетінде жарық көріп ұлгермеген аса бай мұралары (көзі тірісінде Ілиястың көркем шығармалары жеке кітап болып басылмаған. — С.Д.) өртеп жойылуға бұйырылып, тәркіленуге түскенде, оларды жасырып, тығып сактап, бүтінгі күнге жеткізген, сөйтіп мемлекеттік мұрағатқа табыс еткен бірден-бір жинақшы — осы ұлы жүректі қдмкоршы азамат Фатима.

Фатима да Ілияс махаббатын лайық сезіммен сүйе білген киелі жан. Фатима да өлең күрап айтуға шебер болған. Оның Ілиясқа арнаған өлеңіндегі:

Қазір жалғыз тілек менде,  
Өлім сағат кең жеткенде —  
Сені көрсем, көріп-сүйсем,  
Сол минутта жаным берсем! —

деген жолдар (Ф.Ғабитова. Альптар тағдыры, Алматы, 1995 ж., 15-б.). Фатиманың сүйгені Ілияспен рухани жан бірлігінде өткенін білдіреді.

Фатиманың Ілияска ықылас-ынтасын жоғарыда көрсетілген кітаптарда жарияланған күнделік хаттар тілімен де дәйектей аламыз.

«Ілиястың он сегіз жыл өмірі менің көз алдымда өтті. Мен оны қандай жағдайда көрсем де, тек өсу үстінде ғана көрдім. Ол маған жыл емес, ай емес, күн сайын өскендей болып көрінетін еді. Күннен-күнгө білімді, күннен-күнгө мәдениетті болып көрінетін еді», — деп сүйіктісін зор бағалаған (Ф.Ғабитова. Альптар тағдыры, 1995 ж., 114-б.), оған кайрат пен күш те бере алған.

Ілиясқа жазған бір хатынан мынадай жолдарды оқимыз: «Сен — асқан талантты, көркем сөздің бүкіл ел танданарлық көрікті, асыл күмбезін орната алатын алғыр ақынсың. Мен сенің бұл қасиетінді көптен танығанмын. Енді мен сенін зарлы хаттарыңың (Ілиястың Фатимаға он жыл бойындағы үздіккен аңсари өлең хаттары. — С.Д.) орнына елінің тұтас тұлғасын көрсететін жалынды жырларынды оқуға тілеймін. Сен әдебиет майданында күрделі, ел танданарлық табыспен көрінгенше, мен саған хат жазбаймын; сен де маған хат жазба! Майданға (әдебиет майданына, шығармашылық жұмыс майданына. — С.Д.) аттан! Көнілінмен күрес. Женіп шықсан сөйлесерміз...» (Ф.Ғабитова. Өртенде өнген гүл, Алматы, 1998 ж., 55-б.) — «...осы соңғы хаттардан соң ұзак уақыт елінің тұтас тұлғасын көрсететін оның ұзак поэмасы жарықта

шыққанша, хаттар арасында үзіліс болды... «Жазба!» депсің, «Жазбайын», «Кеттім, міне, майданға!..» деген сездерінде толық тұрған еді ол...» (Сонда).

Міне, сол қайраудан кейін, сол маҳабbat **көрігінен** бүкіл **қазақ** поэзиясының шоқтығы «Күйші», «Құлагер» сынды т.б. дастандар туған еді. Бұл «Ер Тарғын» жырындағы **ен** далада **белден** шойырылып жатып, мұсәпір халіне торыккан **Тарғынға** дана Ак Жұністің берген кайратын еске салады.

Эрине, **I.Жансүгіровтің** маҳабbat жырлары, **шын мәнінде**, тек өзінің сүйіктісіне ғана жеке арнаған **құпия** өлең хаттары екені даусыз. Ақынның:

Бұл — жүрөгім жыры **ғой**,  
Бұл — жүрөгім сырғы **ғой**,  
**Мұны** оқыма, **өтінішім**:  
Бұл жазылған мен үшін, —

деп **жазғаны** да бұған айғақ.

Дей тұрғанмен, оқырман оларды әдеби **көркем** шығармалар деп қабылдайды. Бұтінгі казак оқырманының мәдениеті биік: ол көркем шығарманы накты бір емір құбылысына телу **жансақтығынан** жоғары тұр, оны өмір айнасы деп үкпайды. Казіргі оқырман үшін әдебиет таза **өнер** ғана. Автор шығармасын кайсы бір емір дерегіне, **тұрткісіне** негіздеуі мүмкін, бірақ ол оны айнадай **көшірмейді**, оған **өз** сезімін, киялын, сенімін, **көзқарасын**, ойын, әлеумет **құндылықтарын**, формалық сәйкестіктерін, уақытпен үндестіктерін, сұраныс-зәруліктерді т.б. **көздерді** косып, әсер тудыра аларлық, сендіре аларлықденгейге жеткізіп, көркемдеп шығарады. Осы заманғы оқырман **бұны** біледі және осылай ойлап, осылай түсінеді. Ол **көzsіз** сенімге бой алдыrmайды. **Көрген** — рас, оқыған — **акиқат**, естіген — шын дейтін **көрсөқырлықтан** аулак. Сондықтан да біз Ілиястың **Фатимаға арнаған** жырларын да **окырманға** ұсынғанда, оның әдеби туынды ретіндегі көркемдік **жоғары** сапасын, адами **сезімнің** азаматтық қуат деңгейінде берілуін, **ұлттық** рухани сафтығын, адамзаттық **құндылықтармен** үндестігін, сұлулық пен ізгілікке талпындыратын әсерін ескердік. Ілиястың жалпы адамзатқа тән маҳаббатты суреттеу шеберлігімен танысып, поэзияның эстетикалық көркем құдіретіне таңыркансын, **қанағат** тауып, **қанаттансын**, сезімін суарсын деген ойды ұстана отырып, қазақ **поэзиясының** алтын қорына косылатын осынау қазынаны ел білсін деген мақсат қойдык.

Ілиястың **Фатимаға арналған** бұл жырлары **бұдан бұрын** жарық **көрмеген**. Біз оны Қазақстан Ресспубликасы Орталық мемлекеттік мұрағаттан Ф.Ғабитованың жеке корышан алдық: **1012** қор, 1-тізімдеме, 60-іс, 1-54 б.б. **Фатима** қорындағы **бұл өлеңдерді** латын әрпінен казіргі кириллица өрпіне аударып беруде осы **Мұрағаттың** әдебиет, **өнер** және

жеке корлар бөлімінің бастығы Ғазиза Исаханова және Қазақтын Үлттық ғылым академиясының ғылыми кызметкери Нагима Сағандықованың азаматтық кызмет **көрсеткеніне алғысымызды** білдіргеніміз әділ болмак. Сондай-ак, Ф.Ғабитованаң мұраларын, І.Жансүгіровтің асыл қазыналарын іздестіріп, жүйелеп баспа **бетінде** ұсынып жүрген Жанат Ахмедиев, Мұратбек Иманғазинов, Ғафу Қайыр-беков, Роза Мұканова, Аманхан Элім сыңды азаматтардың **еңбектері** пайдаланылды.

Жинақтың екінші **бөлімінде** Илияс **Жансүгіровтің** бұрындары да жарық **көрген шығармаларының** ішінен туған жерге, өнерге сүйіспен-шілік сезімін ту етіп **көтерген** үкілі үздік өлеңдерін (**«Аксуым»**, **«Жетісу суреттері»**, **«Эңшіге»**) және көрнекті ақын Қалижан Бекқожин «тендесі жоқ сұлу дастан» деп атаған **«Күйші»**, **«Құлагер»** дастандарын 1958 жылы КМКӘ баспасынан Мұхтар Әуезов, Ф.Ғабитова т. б. **құрастыруымен** шықкан нұсқасы бойынша ұсындық. Онда бүтінгі **және** келер үрпакқа Илиастың қанатты, кең тынысты, **пыраж лирик тұлғасын** сомдап дараптада көрсете т үсуді **ниет еттік**. **Ақынның әлем** таныған **бұл маржандары** түсінік жасауды кажетсінбейді. Мұндағы оқырманға ескертлерлік жай: ол — II бөлімге енген **шығармалар** басылымның **тақырыптық** бағдарын негізге ала отырып, ішінара қыскартылып берілді, **алайда** ол **шығарманың** жалпы **көркемдік** сапасы мен пафосына, идеясы мен рухына нұқсан келтірмейді. Еліміздің тәуелсіздік туын **нық ұстап**, демократиялық дамуы халқымыздың рухани мұраларына нағыз **перзенттік тұрғыдан** бисаясатсыз азат та еркін қарауға мүмкіндік берді.

Тонықек, Қорқыт Ата, әл-Фараби, Йассауи, Баласағұн, Қазтутан, Бұкар, Дулат, Мұрат, Махамбет, ұлы Абай, Мұшһұр Жұсіп, Сүйінбай, Сұлтанмахмұт, Жамбыл, Ахмет, Міржакып, Жұсіпбек, Сәкен, Магжан, Бейімбет сыңды ұлылар желісіндегі Илиастың да інжу-маржанды жыр қазынасы жанаша сарапталып, үлттық **және** бүкіладамзаттық күндылықтар **тоғысында** зерделенуде.

Осы орайда елім деген азаматтар мемлекет **қалтасына** қол жайып отырмай, **өз** беттерінше түрлі Қоғамдық Корлар құрып, әдебиетіміз бен мәдениетіміздің, тарихымыз бен тіліміздің дамуына колдау көрсетіп, **көптеген құнды** рухани туындыларымызды **қайта** басып шығаруда.

Сондай Қорлардың бірі — **қазақ халқының аяулы ақыны** Илияс Жансүгіров коры. **Бұл** қор 1999 жылы құрылды. Қазір ол Қор «Илияс Жансүгіров — мектепте» (орыс тілінде), «І.Жансүгіров — **аудармашы**» атты ғылыми зерттеу, І.Жансүгіровтің **өлеңдерінің** орыс тіліндегі аудармасының жинағы, І.Жансүгіровтің «Жетісу» атты тарихи зерттеу, І.Жансүгіровтің, **балаларға** арнап жинаған **өтірік өлеңдері**, Мұқағали Макатаевтың орыс тіліне аударылған **өлеңдерінің** жинағы т.б. кітаптарды басып шығарды.

Колдарыңызға тиіп **отырған** Илиастың «Мен — осы шынайы махаббат иесі» деп ақынның өз **сөзімен** аталған бұл **кітапты** жариялауда «Еркін-Көмек» Қогамдық Корының президенті, «Эйр Қазақстан» компа-

ниясының экс-президенті, қазіргі белгілі меценаттарымыздың көрнекті өкілі Еркін Жекенұлы Қалиев мырзаның өз тарапынан қаржылай колдау көрсеткенін бүкіл қазақ әдебиетіне, адамзат мәдениетіне көрсеткен колдауы деп бағалаймыз.

Бұл жинақтың материалдарын Ф.Ғабитованың ҚР ОММ-ның жеке қорынан алуша, оны баспаға дайындауда Ілияс Жансүтіров Қоғамдық Қорының құрылтайшысы, Ілиястың өз кызы Ильфа Ілияскызы Жансүтрова—Жандосованың ұйытқы әрі кеңесші болғаны құрмет пен ғибадат сезімін тудырады. Басылымды жалпы басқарған — Ілияс Қоғамдық Қорының Құрметті президенті, ҚР Парламентінің депутаты Жекен Қалиұлы.

Үлкен теніздің касиеті бір тамшысынан-ақ аңғарылатыны сиякты жинактағы топтаманың өзінен-ақ Ілиястың лириктік күдіретіне, «поэзиямыздың Абайдан кейінгі биігі» (М.Әуезов) екеніне қөз жеткізе ала-мыз. Ол әрбір шаңырактың казынасына айналатын сүйікті кітап болатынына сенеміз.

**Сәбит Райысұлы ДҮЙСЕБАЕВ,**  
*І.Жансүтіров Қоғамдық Қорының Вице-президенті*

Өлеңдер  
Хаттар

## ФАТИМАГА

Бұл — жүрегім жыры ғой,  
Бұл — жүрегім сыры ғой,  
Мұны **окыма**, өтінішім:  
Бұл жазылған мен үшін.

*Ілияс Жансұгіров*

## ЕРКЕТАЙ ҚОҢЫР ЖЕЛ

Еркетай қоңыр жел,  
Еркеме **соқсан** егерде,  
Күрсінгендей сыйырла,  
— Кімдікі десе, — үндеме...

Ойнакы тұнық бұлакша,  
Жолықса еркем егерде,  
Бетіне жастай сорғала,  
— Кімдікі десе, — үндеме...

Жайдары шуақ күнікей,  
Еркеме түссен өгерде,  
Күйдіре қарап себездे,  
— Кімдікі десе, — үндеме...

Қараңғы жым-жырт тоғайшық,  
Қойныңа еркем кіргенде,  
**Бұтаклен** тәсін қытықта,  
— Кімдікі десе, — үндеме... . .

*Ілияс Фатимага, 1927 жыл*

## ЕЛЕСКЕ

Қара көзің мөлдіреп, ғылж  
Қарама, жүректі өртейсің  
Елесіңе ішім елжіреп, ''  
Жанымды улап дерттейсің.

Асау жүрек құр тулап,  
Күзетеді, тосады.  
Көрінбейсің мені улап,  
Елесінді елес құшады.

Сүйемін сені өңімде,  
Құшамын тек түсімде.  
Мендей сүйген өмірде,  
Болды ма екен кісіде?

Күдіктімін осыған,  
Жоқ, болған да жоқ шығар.  
Мен осыдан шошынам,  
Суретің елес бол шығар.

\* \* \*

Жалғыз лампы — жолдасым:  
«Көнілің күнгірт болмасын»,  
Дегендей ол тұр жанып.  
Жаттым жалғыз жан қинап,  
Мынау тұрған лампыдай,  
Бір басылып, бір жанып.<sup>1</sup>

\* \* \*

Кейде көзім бұлдырап,  
Кейде аламын кітапты,  
Ұмытуға қам қылып.

Не қүшү жок, ішу жок,  
Махаббатың жеп қойды-ау,  
Жалындал жан, қан сұып.

Жатқанымда, жарқ етіп  
Шыға келдің, жаным-ай.  
Кеттім еріп, қан жылып.

Құшактадың қаусырып,  
Мен дәрменім таусыльшп,  
Тиді ерніме бал жылып.

\* \* \*

Балды гүлге жабысқан,  
Арадайын алқымдал,  
Қалдым сорып, бал сүйіп...

Әлде түсім? Әдде өнім?  
Есептермін артынан,  
Алсам егер хал жиып.

Сүйеніш деп көніліме,  
Озінді бір көруге,  
Келіп едім қаңғырып.

Құмар едің ансаған,  
Қатты разы мен саған...  
Қалды жаным жаңғырып...

## ОСЫЛАЙ ДЕСЕ ҮРЗАМЫН

«...Сор, сор, жаным, қаттырак,  
Қаны шықсын тамактың.  
Жаны шықсын қанымен.  
Мынау акку төсімнің,  
Мынау алма сағақтың.  
Қой, ағытпа, қолыңды ал,  
Түймесіне тимеші.  
Қалсын бауы балактың... .  
Онандағы сүйе бер.  
Арсаландап қайтесің,  
Мен осыған жоқ-акпын...  
Онан дағы іше бер,  
Саған ғана сақталған  
Махаббаттан аракпын!..»  
Десе осылай ырза-акпын.

## КӨҢЛІМ, НЕГЕ АЛАҢСЫҢ?

Көңлім, неге алаңсың?  
Айтшы маған кімің жоқ?  
Әмір бай ғой, кітап көп,  
Тұрактарсың, табарсың...

Көңлім, неге алаңсың?  
Ол көнілің — өзге жоқ... .  
Әмір қызық, кітап көп,  
Сонан ләzzат аласың.

«Көңлім, неге алаңсың?  
Ол алысқа кеткен жоқ,  
Алдануға кітап **көп**...  
Қызыктап жан жатарсың.

Көңлім, неге алаңсың?  
Қара нешеу **сағатты**,  
Ал қолыңа кітапты,  
Бәлкім ұйықтап қаларсың.

## ДЕСЕ

“ Сені күткен көп заман,  
«Ал аймала, мә, төсім.  
Мә, мойыным, тамағым,  
Сүйемісін, не етесің? ”

Аяңқырап аймала,  
**Қан** шығарып кетерсің... »  
Дегенге бір келсеңші,  
Өйткені мен **өлдім-ғой**.  
Апырым-ай, тас екенсің!..

Сонан бері көре алмай,  
Сағынып ем тым қатты.  
Сағындырып күн өтті,  
Зарықтырып жыл жатты.

Сәулем, менің жанымсың,  
Жанымнан сен қымбатты.  
Махаббаттың ауруы,  
**Жұдетті** де жылатты.

Жан жүректің толқыны,  
Жылатты да жырлатты.  
Жылау, жырлау сен үшін,  
Мен үшін ол тым тәтті!

\* \* \*

«Жаным сәулем,  
Болдым әуре,  
Мен тыныштық көрмедім.  
У дертінен  
Сарғайдым мен,  
Құр әуремін, өлмедім.  
Сен жалғаның,  
Барша жаңның  
Жұдцызысың, нұрысың.  
Сені таппай,  
**Таңым атпай —**  
Каранғы өмір құрысын!  
**Неге сезім,**  
**Неге көзің**  
Жандырады жүректі?..  
Саған батып,  
«Зан» киратып,  
**Білдіре алмай күн өтті.**  
Осы ұнай ма,  
Осылай ма,  
Сүю мұндай күшті ме?  
Әлде жаным,  
**Әлде қаным**  
Өмір уын ішті ме?  
**Неге іздеймін**  
**Бір өзінен**  
Алданышты, өмірді?..  
Сені сүйдім,  
Неге тудың,  
**Неге уладың көнілді?**  
Шыдамадым,  
Жандым, жаздым:  
— Шын сөзінді, — дедім, — айт!  
Шын жүдедім,  
**Болдым азғын**  
Күте-күте сенен хат.

\* \* \*

Сұм жалғаннан,  
Жаннан, жардан  
**Тапқан** ем.  
Жанға жанған,  
Жанға талған  
«Бол деп қорған  
Айтқан ем.  
Сонды-бұрын  
Іште сырым  
Еш **жасырын**  
Калмаған,  
Көнілімді,  
**Әмірімді** —  
Бар шынымды  
Арнағам.

Өртеп арды,  
Асай қанды,  
Албырт жанды  
Ноқталап,  
Бекер сөз бен  
Мекер **көзден**  
Мен іздедім  
**Ақ** тамак...

Отты қанды,  
Бар иманды,  
Жайдым жанды  
**Алдыңа.**  
«Сенсің!» — дегем  
Мен білмегем,  
**Неге** іздегем,  
Қанғу ма?..

Ушан-теніз,  
Кез болып күз,  
Жамылып мұз  
**Суыған.**  
Үміт еткен,  
Мен дәметкем  
Жылды жан.  
«Сағындым!», — деп,  
Жалындым көп,  
«Нағылдың?», — деп,  
Үздігіп.  
Жан суыған  
Жауабындан  
Азынаған  
Ызғырық.

**Сендерे** алмай, —  
Жылай-жылай  
Неше жылдай  
Жазған хат.  
Ашылмай сыр,  
Шашылмай нұр,  
Көргенім — **бір**  
Дипломат<sup>1</sup>.

Көңілден сыр,  
**Көзден** жаңбыр  
Жауды тасқа  
Пенде **боп**.  
Жана, жана  
**Болдым** шала,  
Шара, шама  
**Менде** жок. . ,

<sup>1</sup> Дипломат — мұнда ізетпен съпаны **ғана үзакқа сырғыту үтімьын айтады**.

Шыны сүйгем,  
Шыны күйгем,  
Еткен емен

ж

Бақ талап.  
Күймек үшін  
Сүйгенім **шын**,  
Болғам сені  
Сактамақ.

Сүйдім, жаным,  
**Уға уландым**,  
Қош бол, жаным,  
Қаңғырдым.  
**Сау** бол, күнім,  
Міне, айыбым —  
Жан қайығын  
Жарға ұрдым!

Жайдары жарық аспаным,  
**Жасылды** бұлт — тұнердің.  
Жасыздым жаман **сөгілдім**,  
**Жабырқап** шерді жібердім.

Жанымның **жарқын** жұлдызын  
Сөндірген соң күйзелдім.  
**Жалғанда** жалғыз тілегім  
Кетті — кімге **сүйендім**.

Бұл халіме себепші  
Болған құрғыф мынау хат.  
Сүйгеннен не күйгеннен  
Болған сынды бауыр жат.

Сокқы көріп өмірден  
Жасыды ма біржола?  
Безіп тастай көнілден,  
Қажыды ма улана?

Әлде қажып болған соң,  
Айныды ма, азды ма!  
Әлде шын дос болған соң,  
Осы ақылын жазды ма?

Әдде көнілін еңсеріп,  
Жүрек ісін жыкты ма?  
Сол себептен белсеніп,  
Шын күреске шыкты ма?

Қайтсе дағы қараңғы  
Қалды маған бұл жауап.  
Ер күресте, — заманғы,  
Аулак! Аулак! — қай Аулак?

Мен әуре едім дос іздең,  
Тауып едім шын сүйіп.  
Айтып-айтпай не керек,  
Тастапсың ғой бір түйіп.

Жүргімді, сырымды,  
Енді айттарға — орын жоқ...  
Сен біл жалғыз мұнымды,  
Қалғанымды сорлы боп.

Жазба депсің! Жазбайын,  
Мүмкін бе еске алмауға?  
Айтқаңындаі қош, сәулем,  
Кеттім, міне, майданға.

20-желтоқсан, 1930 жыл. Мәскеу

## СЕНИ

Мен шындал сүйгем жүргімнен,  
Күшейіп күндегі дерт күндегімнен.  
Қарағам қабағыңа көнілің үшін,  
Сыйлағам, қадірінді біле білгем.

Мен сені **сүйгендіктен** жүргімнен,  
Сыйлаумен сырымды айтпай жүре білгем.  
**Шыдауға** бұдан артық дәрменім жок,  
Жүдедім **күнде** мендеп, күндегімнен.

Тым ауыр, сені маған көрмей кету,  
Ол кету өмір емес —, тентірету.  
**Алдауға** айуандық мақсат үшін,  
Мен бе едім **жігіттікпен** сертке жету.

Осыны о басында-ақ **айткам** саған,  
Қолқаң сол еді, сенің берер маған.  
Жаным деу — жүргіме ортактасу,  
Жалғыз-ақ бір өзіннен ләzzат алам.

\* \* \*

Қара бір көзің жаудырап,  
Қара бір шашың саудырап,  
Ақ жібектен көйлегің  
Ақ **етінде** судырап.  
Іздеп сені келіп ем,  
Ай сағынyp, жыл жылап.

Қара көзің жарқырап,  
Ақ жібек майдай жалтырап,  
Алдыма альп балаша,  
Иығымнан асылта,

Аш жүректі айқара аш, **ЖІМӘ**  
Еркінірек отыршы,  
Үлбіреп тұрған ерніңнен, **АӘ**  
Сүйейін сорып қалтырап. **НО**

Қара бір көзің күлімдей,  
Қарасаң жүрек дірілдеп,  
**Жетті** тасып ыстық қан.  
Махаббатты **отты** жан  
**Шауып аттай дүрілдеп.**  
Ақ төсінді аймалап,  
Аузыннан бал жалап,  
Секер сорып «Гүлім» деп.

\* \* \*

Айтқаның, беу, сәулем-ай,  
Ақылың ба, аяу ма.  
**Аржағында** айтатын,  
Ауыр бір сөз таяу ма?  
Аяныш па мен саған,  
Мен сен үшін есалан.  
Менің сырым аян ба?  
Ақыл сөзің салмағы  
Мейлі тисін шоқпардай,  
Айт, айт, жаным, аяма!  
**Ақылынды** аяған  
Мен алайын, ал бірак  
Махаббатым алар ма?  
Кой дегенге қояр ма?